



МЕРЕКЕЛІК ЛЕБІЗ

Қадірлі аудан тұрғындары, Сіздерді Республика күнімен шын жүректен құттықтаймын! Республика күні тарихымыздағы ең елеулі күн. Егемендігімізді, азаттығымызды, еркіндігімізді паш ететін күн. Осы айтулы күнімен барлығыңызды құттықтап, отбасыларыңызға амандық, елімізге бірлік, татулық тілеймін. Мемлекетіміздің көк байрағы биікте желбірей берсін! Білім саласында тер төгіп жүрген ұстаздар қауымы мен зейнетте жүрген ардагерлерге шынайы ниетімді білдіремін. Мәңгілік ел боламыз деген ұстанымынан тайбай, тәуелсіз мемлекетіміздің өркендеп, өскенін ұрпағымызға аманат етейік. Отанымыздың гүлденуіне өз еңбегімізбен үлес қосып, бірлік пен татулықтың негізінде ұлы мақсаттарға жетейік. Бұл күн біздің тәуелсіздігіміз бен еркіндігімізді паш ететін ерекше мереке. Жүрегімізде елге деген махаббат артып, рухымыз мықты болсын. Қазақстанымыздың келешегі кемел, халқы аман, бейбітшілігі мәңгілік болғай! Аудан халқы еңбекжор болғандықтан туған жеріміз күннен-күнге гүлденіп, жаңа ғиматтар салынып, ауымыздың ажары ашыла түсуде. Осы берекеміз ұзағынан болғай!

Кәрібай ҚОЖАҒҮЛ,

Алматы облысы оқу агарту және бюджеттік қызметкерлерінің кәсіподағы қоғамдық бірлестігі аудандық филиалының төрағасы

Барша аудан жұртын, жерлестерімді Республика күнімен құттықтаймын! Бұл күн – еліміздің тарихындағы жарқын беттердің бірі. Әрбір отбасына амандық, қуаныш пен береке тілеймін. Біздің бірлігіміз бен татулығымыз – еліміздің мықты тірегі. Сіздерге шын жүректен бақыт, мықты денсаулық және жаңа жетістіктер тілеймін. Бүгінгі күн – біздің мемлекетіміздің еркіндікке жеткен күні. Тәуелсіздік жолында еңбектенген ата-бабаларымыздың арманы орындалып, еліміз еңсесін биік ұстаған күн. Біз сол жолда еңбек етіп, еліміздің бұдан да көркейе түсуі үшін тер төгіп келеміз. Бұл мереке – еліміздің тарихында ерекше орын алатын, әрбір қазақстандықтың жүрегін қуанышқа бөлейтін, мақтаныш сезімін тудыратын күн. Еліміздің болашағы жарқын, халқы аман, бірлігі бекем болсын деймін. Барлықтарыңызға мықты денсаулық, бейбіт өмір және толағай табыстар тілеймін. Тәуелсіз Қазақстанның жетістіктерін бірге тойлап, алдағы уақытта да еліміздің даңқын асқақтатып, бейбітшілік пен бірліктің арқасында үлкен белестерді бағындырып, жарқын болашаққа бірге қадам басайық!

Ербол НҮРСЕЙІТОВ,

аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы

ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУЛАР

«АЗИЯГАЗ ЧУНДЖА» ЖШС 2025 жылғы 28 қарашада сағат 15:00-де Алматы облысы, Ұйғыр ауданы, Шарын ауылы: Шарын мәдениет үйі, М.Насыров көшесі нөмірсіз мекенжайы бойынша әсер етуге экологиялық рұқсат алу үшін Материалдар (Эмиссиялар нормативтерінің жобасы, Қалдықтарды басқару бағдарламасының жобасы, Өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасының жобасы, Әсер етуге арналған экологиялық рұқсаттың қолданылу кезеңіне арналған қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспарының жобасы) бойынша ашық жиналыс нысанында «Азиягаз ЧУНДЖА» ЖШС «Шарын» автоматтандырылған газ тарату станциясы үшін қоғамдық тыңдаулар өткізеді.

Әсер ету аймағының географиялық координаттары: ені – 43.773561°, бойлығы – 79.388301°.

Учаскенің географиялық координаттары: ені – 43.759591°, бойлығы – 79.252915°.

Жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде қатысушыларды 60 минут ішінде тіркеу.

Zoom конференциясына қосылыңыз:

<https://us05web.zoom.us/j/89053618070?pwd=ix0XyVbdYJtHk6JXSAXOXBVNHhry.1>

Конференция идентификаторы: 890 5361 8070

Кіру коды: cNYiz2

Бастамашының деректемелері: «АЗИЯГАЗ ЧУНДЖА» ЖШС ЖСН 141040016165, Телефон: +7 701 358 44 55. e-mail: tairov_agur@mail.ru

Жобаларды әзірлеуші «Тыныс Ecology Group» ЖШС, Алматы қ., Сейфуллина даңғылы, 597 А, 312 телефоны: 8(747) 255 84 44, 8 (701) 214 24 47 E-mail: 2558444@mail.ru

Жергілікті атқарушы орган: Алматы облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы.

Қоғамдық тыңдауларға шығарылатын материалдармен экологиялық порталда және ЖАО сайтында танысуға болады <https://www.gov.kz/memleket/entities/almobl-tabigat>

Барлық ескертулер немесе ұсыныстар порталда қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмей қабылданады <https://ndbecology.gov.kz/> және Алматы облысы, 040800, Қонаев қаласы, Құрылыстың көшесі, №12, 329267eco@mail.ru. ZOOM байланысы арқылы онлайн режимге қатысуға сілтеме бірыңғай экологиялық порталда және сайтта берілген <https://www.gov.kz/memleket/entities/almobl-tabigat>

Қосымша ақпаратты телефон нөмірі арқылы алуға болады: +7 701 214 24 47.

ОБЩЕСТВЕННЫЕ СЛУШАНИЯ

ТОО «АЗИЯГАЗ ЧУНДЖА» 28 ноября 2025 года в 15:00 часов по адресу: Алматинская область, Уйгурский район, с.Чарын: ДК Чарын, ул. М.Насырова б/н проводит общественные слушания в форме открытого собрания по Материалам для получения экологического разрешения на воздействие (Проект нормативов допустимых выбросов, Программа управления отходами, Программа производственного экологического контроля, План мероприятий по охране окружающей среды) для Автоматизированной Газораспределительной Станции «Шарын» ТОО «АЗИЯГАЗ ЧУНДЖА».

Географические координаты территории воздействия: ширина – 43.773561°, долгота – 79.388301°.

Географические координаты участка: ширина – 43.759591°, долгота – 79.252915°.

Регистрация участников за 60 минут при предъявлении документа, удостоверяющего личность.

Подключиться к конференции Zoom:

<https://us05web.zoom.us/j/89053618070?pwd=ix0XyVbdYJtHk6JXSAXOXBVNHhry.1>

Идентификатор конференции: 890 5361 8070

Код доступа: cNYiz2

Реквизиты инициатора: ТОО «АЗИЯГАЗ ЧУНДЖА» ИИН 141040016165, Телефон: +7 701 358 44 55. e-mail: tairov_agur@mail.ru

Разработчик проектов ТОО «Тыныс Ecology Group», г.Алматы, пр.Сейфуллина 597 А, 312 телефоны 8(747) 255 84 44, 8 (701) 214 24 47 e-mail: 2558444@mail.ru

Местный исполнительный орган: Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Алматинской области.

С материалами, выносимыми на общественные слушания можно ознакомиться на экологическом портале и на сайте МНО <https://www.gov.kz/memleket/entities/almobl-tabigat>

Все замечания или предложения принимаются не позднее 3 рабочих дня до даты проведения общественных слушаний на портале <https://ndbecology.gov.kz/> и на Алматинская область, 040800, город Қонаев, улица Құрылыстың, №12, 329267eco@mail.ru. Ссылка на участие в онлайн режиме посредством подключения ZOOM предоставлена на едином экологическом портале и на сайте <https://www.gov.kz/memleket/entities/almobl-tabigat>

Дополнительную информацию можно получить по номеру телефона: +7 701 214 24 47.

Құрылтайшы:
Ұйғыр ауданы әкімдігі.

Меншік иесі: «Қарадала тынысы»-Қарадала нәпесіне жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Karadala
ТЫНЫС

Директор-бас редактор
Бәкітхан
АНТМУХАМЕТОВ

Жауапты хатшы –
Баия МАМЫРБАЕВА

Тілшілер:
Сайырым ӘНВӘРОВА

Дизайнер:
Қалдыбек ОРАЗОВ

Корректор:
Бейбітгүл ЖҰМАДІЛКЫЗЫ

Есепші:
Алиба БЕТЖАНОВА

Жарнама менеджтері:
Ангел КҮЛБЕКОВА

Біздің мекенестігіміз:
Шоңжы ауылы,
Ж.Құдайбергенов көшесі 61
үй, Индекс: 041800

Байланыс телефондарымыз:

2-21-89, 79-8-92,
2-40-58

Газет
«Гамма-Принт» ЖШС
баспасында
офсеттік тәсілмен
басылады.
Алматы қаласы,
Райымбек даңғылы,
369 үй.
тел: 247-98-30

Газет редакцияның
компьютер орталығында
теріліп, беттеледі

Қазақстан Республикасының
Ақпарат және коммуникация
Министрлігі Байланыс,
ақпараттандыру және бұқаралық
ақпарат құралдары саласындағы
мемлекеттік бақылау комитетінде
2019 жылғы 11 ақпанда тіркеліп,
№17506-Г куәлігі берілген.

Жарияланған мақала авторларының пікірі редакция
кезқарасын білдірмейді.
Материалдар иесіне қайтарылмайды және оған жауап
берілмейді.

Материалдың жариялану
ақысы төленген

Жарнама мен хабарландырудың
мазмұны мен мәтініне жарнама беруші
жауапты.

Осы шығарылымның
таралымы: 1750

Тапсырыс: 1540

Индексіміз:

Занды тұлғалар үшін - 16056

Жеке тұлғалар үшін - 66056

Қазақстан Жұмһурийити
Әхбарат ве коммуникация
Министрлігі Алақе, ақпараттандыру
ве аммибий әхбарат васити-
лири саһасидийи мемлекет-
лик назарет комитетиде
2019-жылның 11-нояда
ројхатқа елинип, №17506-
Г гуванамиси берилген.

Гезитта бесилген мақалилар
мүәлліппириниң мавқәси
редакцияниң болуп
һесабланмайду. Материаллар
елисиге қайтарулайду ве
уларға жауап берилмейду.
Еланлар билән ухтурушларниң
мәзһуни билән мәтениге елан
барғучи жавапкер.

Гезит қазақ, уйғур, рус,
инглиз тиллирида һәптисиге
бир қетим, жұма күни
чиқиду.

Көзекшілер:
Новаатчилар:
Б. МАМЫРБАЕВА
С. ӘНВӘРОВА

ЖОЛ БЕРМЕНІЗДЕР!

Орманның адам баласының өміріне өте қажетті мәні бар екендігі бізге белгілі. Орман – жер шарының тынысы, ол – дәрі, ол – денсаулық кепілі. Орман биосферасы ғаламдық экологиялық, әлеуметтік және экономикалық мәні бар аса маңызды компоненттерінің бірі. Сол себептен орман болмаса әлемдегі бар тіршілік зардап шегеді.

Әрбір адам қай жерде жүрсе де, осы туралы естен шығармау керек. Орманда жүргенде өрттен сақ болыңыздар, айналы белгіленбеген жерге алау жақпаныңдар, мемлекеттік орман қорында жүріп-тұру ережелерін қатаң сақтаңыздар.

Өшірілмеген сіріңке, темекі қалдығын абайсызда тастау, қалдырылған қоқыс - орны толмас кәсірет алып келеді, мұндай жағымсыз әрекеттерге жол бермеңіздер.

Өрт ұшқынын байқасаңыздар оны сөндіруге тырысыңыздар, жедел түрде орман күзетіне немесе басқа құрылыс мекемелерге хабарлаңыздар. Табиғаттың тағдыры біздің қолымызда екенін ұмытпайық!

Шарын мемлекеттік ұлттық табиғи паркі
Өсімдіктер дүниесін қорғау және мөлайту бөлімі мен аудандық төтенше жағдайлар бөлімі

ОРМАНДЫ ӨРТТЕН САҚТАЙЫҚ

Орман – халқымыздың басты байлығы. Оны болашақ ұрпаққа сақтап, күтіп-баптау біздің ортақ борышымыз. Егер сіз орман-тоғайға демалуға, отын дайындауға, мал бағуға барсаңыз, алдымен орманды өрттен сақтау ережелерін толық естен шығармағаныңыз жөн. Алайда, қандай жағдайда болмасын мына төмендегі қарапайым қағидаларды есте ұстаңыз:

Құрған кеткен отындық шырысына немесе құрғақ шөпке өшірілмей тасталған сіріңке, темекі тұяқты, өшірмей қалдырған алау, арықтар немесе шабындықтар жағасында өсіп кеткен шөп пен қамыстарды қадығалаусыз өртеу орманға өрт кетуіне себепкер болуы мүмкін. Егер орман тоғайды өрт шалса, ол қоғам мен табиғатқа келтірілген қиыршы шығыннан басқа, жануарлар әлемі мен орманды түрлі өсімдіктердің түп тамырымен жойылуына алып келеді.

Орман-тоғайдағы алқаптың өртенуіне себепкер болған адам табиғатқа келтірілген залалды өтеп қана қоймай, Қ.Р.Ә.Қ.Б.т.К-нің 367 бап және Қ.Р.Қ.К-ның 202, 204, 292 баптары бойынша жауапқа тартылады.

Орман-тоғайда от жалыннан байқасаңыз, оны дереу өшірудің әрекетін жасаңыз. Оны сөндірудің амалы болмаған жағдайда, орман шаруашылығына, ауылдық округ әкімшілігіне, аудандық полиция және өрт сөндіру бөліміне хабарлаңыздар.

Телефондары: 101, 102, 2-18-51, 2-17-14, 2-21-82, 2-14-10.

«Қарадала орман шаруашылығы» мемлекеттік мекемесі,
аудандық төтенше жағдайлар бөлімі